KAZAKHSTAN YOUTH MAGAZINE

UNIQUM

СОДЕРЖАНИЕ

SU NATION
9 «Digitalization дәуіріндегі шет тілдерін оқыту» халықаралық конференциясы
12 «Неделя Добра» в Satbayev University
20 Дәстүрлі «Жайна жастық-2019» шығармашыл студенттер байқауының гала-концерті өтті
24 «Менің Туым – менің Отаным!»
32 Жас ақындар жырлайды

ЭССЕ
40 Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – алып тұлға
42 Историческая память потомков
44 The thorny path of the GreatErudite of Kazakh steppes

REAL TALK
46 «Останусь в памяти народа»

ART & FACT
50 Қазіргі қазақстандық жас фильммейкерлер кімдер?
56 Голливудтың ең мейірімді киножұлдызы Киану Ривз
60 Top 10 Unsolved Mysteries of Science

НАД **НОМЕРОМ** РАБОТАЛИ:

Журналист
Мерей КОСЫН

Редактор казахского языка
Айман СУЛЕЙМЕНОВА
Редактор русского языка
Ляззат СЕРАЛИНА

Графический дизайн, верстка
Берик СУХАНОВ

Фотографы:
Елена ПАПЭ, Дамир ТАИРОВ

Печатное издание UNIQUM su зарегистрировано в Министерстве культуры
и информации Республики Казахстан.
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания №17030-Ж от 10.04.2018 г.
Дата и номер первичной постановки на учет №13494-Ж, 02.04.2013 г.
Выпуск №12 (58) ноябрь - декабрь 2019 г.
Отпечатано в типографии НАО «КазНИТУ им. К.И.Сатпаева».
Тираж 1200 экз. Распространяется бесплатно.
Адрес редакции: Республика Казахстан, г.Алматы, ул. Сатпаева, 22,
ГУК, каб. №616, тел: (727) 292 43 06

KAZAKHSTAN YOUTH MAGAZINE

UNIQUM

ДОРОГИЕ СТУДЕНТЫ!

На пороге – 2020-й год! Если верить астрологам, то хозяйкой года будет Белая Металлическая Крыса. Те, кто безоговорочно верит в гороскопы, утверждают: если у вас получится подстроить свою жизнь под характер животного-покровителя, то можно добиться успехов! Впрочем, в преддверии Нового года все мы верим в чудеса и волшебство. А еще мы верим, что волшебные ключи к успеху есть у каждого из нас. Главное – умело и эффективно использовать их. И у огромной команды легендарного Satbayev University это здорово получается! В 2019 году было много удачных и успешных проектов, о которых мы рассказывали на страницах журнала UNIQUM^su^.

А еще в уходящем году Satbayev University впервые принял участие в международной конференции и выставке QS APPLE-2019, которое прошла в конце ноября в японском городе Фукуока. На этом престижном форуме «Путеводитель первокурсника 2019», который был разработан командой Института Базового Образования, взял золото в номинации QS APPLE-2019 Creative Awards. Согласитесь, это еще одна мотивация для дальнейших достижений!

Редакция журнала UNIQUM^su^ желает всем своим читателям новых побед в учебе и в личной жизни! И напомним, что самая лучшая новогодняя ночь бывает в кругу родных и любимых людей, близких друзей. За 5 минут до боя курантов, которые оповестят о старте Нового 2020 года, постарайтесь напомнить себе о том, что нравится вам, – о вашем индивидуальном жизненном выборе и о той любви и заботе, которые есть в вашей жизни, в любой их форме, а также о ваших личных границах общения, которые вы хотели бы установить в Новом году.

С наилучшими пожеланиями команда Студенческого Медиа-центра

Академику НАН РК, доктору философских наук, профессору **Кшибекову Досмухамеду Кшибековичу** пришло поздравительное письмо в честь празднования его 94 дня рождения от Начальника Краснодарского высшего военного авиационного летчиков генерала-майора **С. Румянцева**.

Академику НАН
Республики Казахстан,
доктору философских наук,
профессору

КШИБЕКОВУ
Досмухамеду Кшибековичу

Краснодар
2019

Уважаемый Досмухамед Кшибекович!

От имени командования и личного состава Краснодарского высшего военного авиационного училища лётчиков сердечно поздравляю Вас с 94-й годовщиной со Дня рождения!
Весь Ваш большой жизненный путь отмечен упорным трудом, старанием и настойчивостью в достижении поставленных целей. Вы прошли суровые испытания Великой Отечественной войны.
Мы гордимся тем, что закалку и путевку в жизнь Вы получили в стенах нашего училища, будучи курсантом. Это помогло Вам стать известным ученым и педагогом, академиком Национальной Академии наук Республики Казахстан, доктором философских наук, профессором. Ваша многолетняя и плодотворная деятельность отмечена высокими наградами, орденами и медалями СССР, Республики Казахстан и Российской Федерации, а активная научная и общественно-политическая деятельность, способствует укреплению дружбы между народами Казахстан и России. Для личного состава нашего училища, в том числе курсантов Республики Казахстан, Вы являетесь ярким примером служения Родине и науке, верным ориентиром в жизни.
От всей души, желаю Вам, уважаемый Досмухамед Кшибекович, доброго здоровья, счастья, мира, добра, благополучия и успехов во всех делах и начинаниях.

Начальник Краснодарского высшего военного авиационного училища лётчиков
генерал-майор С.Румянцев

Ла-5 — советский одномоторный истребитель, созданный ОКБ-21 под руководством С. А. Лавочкина в 1942 году в Горьком.

«ПУТЕВОДИТЕЛЬ ПЕРВОКУРСНИКА 2019»
взял золото в номинации QS APPLE-2019 Creative Awards.

Satbayev University впервые принял участие в конференции и выставке QS APPLE-2019, проходящей с 26-го по 28-е ноября в г. Фукуока (Япония). В престижном форуме принимают участие более 1000 академических участников из более чем 200 университетов Азиатско-Тихоокеанского региона

В первый день были подведены итоги 2019 года. Приятной неожиданностью стала победа Satbayev University в номинации «Лучший путеводитель 2019 года для поступающих студентов».

НАД ПРОЕКТОМ РАБОТАЛИ:

ИСКАКОВ Р.М.
Проректор по академической работе

САРЕНОВА А.С.
Директор Института Базового Образования

УДЕРБАЕВ А.Ж.
Заведующий кафедрой казахского и русского языков

ТУРЛЫБЕКОВА А.О.
Заведующая кафедрой английского языка

МАНХАНОВА А.Е.
Директор ОР

БИГАЛИЕВА А.Б.
Заместитель директора ИБО

ТУРСЫНБАЙ Т.Р.
Менеджер ИБО

ОМУРЗАКОВА А.К.
Редактор казахского языка

СЕРАЛИНА Л.О.
Редактор русского языка

ПАПЭ Е.В.
Фотограф

ТАИРОВ Т.Р.
Фотограф

СУХАНОВ Б.Ж.
Дизайн и верстка

SATBAYEV UNIVERSITY

DKU DEUTSCH KASACHISCHE UNIVERSITÄT

OXFORD UNIVERSITY PRESS

InterPress

KazTEA

softwareONE

«DIGITALIZATION ДӘУІРІНДЕГІ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Үздіксіз техникалық прогресстердің нәтижесінде жыл өткен сайын тіл үйренудің түрлі жаңа құралдары мен әдістері пайда болуда және бұл осы саланың мамандары үшін де үлкен мүмкіндіктер тудырып отыр. Қазақсан азаматтарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған «Digital Kazakhstan» бағдарламасы соңғы кезде аса үлкен назарға ілініп келеді. Оның ішінде оқу жүйесінде бұл бағдарламаны жүзеге асырып, шет тілдерін үйретуде басты құрал ретінде пайдалану мақсат етілді. Осы орайда цифрланған дәуірде шет тілдерін үйретудің жаңа әдістері мен мүмкіндіктерін ортаға салған «Digitalization дәуіріндегі шет тілдерін оқыту» конференциясы өз жұмысын осы мәселеге арнады.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті мен Қазақ-Неміс университеттерінің тікелей ұйымдастыруымен биыл алғаш рет өткізіліп отырған бұл конференция қазан айының 24-25 күндері Алматы қаласында өтті. Халықаралық деңгейдегі тәжірибе алмасу алаңына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Нидерланды, Оман және Біріккен Араб Әмірліктері елдеріндегі университеттерден тіл мамандары келіп қатысты.

Конференцияның негізгі серіктестері – Оксфорд университетінің «Oxford University Press» баспасы, «InterPress» халықаралық тіл орталығы, Швейцариялық «Software One» консалтинг компаниясы және «KazTEA» ағылшын тілі оқытушыларының ассоциациясы.

Конференцияның орындаушы комитет мүшелері: Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің академиялық мәселелер

жөніндегі проректоры Ринат Искаков және Қазақ-Неміс университетінің халықаралық ынтымақтастық бөлімінің проректоры Barbara Janusz-Oawletta.

Академиялық қолдау комитеті қатарында екі университеттің профессорлары мен оқу бөлімінің басшылары: Сәуле Абдығаппарова, Айгүл Сапарбекқызы Саренова, Анар Тұрлыбекова, Мария Бачурка, Бақытгүл Тоқбергенова бар.

Конференция Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде проректор Ринат Искаковтың құттықтау сөзімен салтанатты түрде басталды.

Екі күнге созылған конференцияда «Шет тілдерін оқытудың сандық жүйеге көшуінің пайдасы мен нәтижелері», «Шет тілдерін үйрену мен оқуды жоғарылатуда цифрлық құралдарды пайдалану» атты ортақ тақырыптарда презентациялар көрсетілді және арнайы шеберлік сағаттары өткізілді.

Алғашқы болып өз тәжірибесімен бөліскен Қазақстан ағылшын тілі оқытушылары ассоциациясының президенті Наталья Летягинаның пікірінше, қазіргі таңда елімізде жаңа технологияларды пайдаланып сабақ жүргізу өте орынды жолға қойылған. Студенттердің білім деңгейін бағалауда және олардың тіл үйренуіне талпыныс беретін web apps құралдарын қолдануда оқытушылардың да сауатты болуы аса маңызды екені баса айтылды.
Спикер Richard Harrison XXI ғасырда оқыту жүйесінде пайда болған жаңа дағдылар туралы айта келе, оның ішіндегі сыни ойлау дағдысының бүгінде ерекше назарға ілініп отырғандығын түсіндірді. Қазақстандық әріптестерімен тіл оқыту барысында бұл дағдыны қалай пайдалануға және қалай дамытуға болатындығы туралы тәжірибесімен бөлісті.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Ағылшын тілі кафедрасының профессоры Людмила Смирнова өзінің 2016–2019 жылдар аралығында жасаған зерттеуінің нәтижелерін мысалға ала отырып, қазір оқытушылардың басым көпшілігі интернеттегі ашық, дайын материалдарға әбден үйреніп алғандығын айтты. Бұл оңай жолмен келген контент кейде өз аудиториясының қажеттілігіне жауап бере алмай, арада үйлесімсіздік туындайтыны, сөйтіп оқытушының да, оқушының да шығармашылық ізденісінің төмендейтіндігі туралы фактіні алға тартты.

Екі күндік дискурс ішінде мобильді үйрену (mobile learning/M-Learning) әдісі, цифрлы оқытудың пайдалы және пайдасыз жақтары, қашықтықтан оқытудың жолдары сияқты заманауи оқыту жүйесіндегі қызықты тақырыптар талқыланды. Конференция соңында үздік спикерлер анықталып, арнайы марапаттар тапсырылды. Қырғыз елінен келген Асқар Дүйсеналиев атты жас оқытушыға үздік спикер деген сертификат табыс етілді. Асқар осы конференцияға, жалпы Қазақстанға сапары туралы журнал оқырмандарымен былайша ой бөліскен еді.

Асқар Дүйсеналиев: «Мұндай халықаралық деңгейдегі конференцияға менің алғаш рет қатысуым және Қазақстанға да алғаш рет келуім. Бәрі тамаша, осындай мүмкіндік бергені үшін ұйымдастырушыларға көп алғыс айтамын. Конференция өте жоғары деңгейде өтті деп ойлаймын. Конференцияда бүгінгі күні өте маңызды болып отырған тақырыптар көтерілді және біз бір-бірімізбен тәжірибе алмастық. Алматыда өткен екі күн мен үшін өте үлкен қуаныш болды. Маған мұндағы атмосфера, адамдардың барлығы ұнады. Болашақта біз әріптестерімізбен бірлесіп, тағы да жұмыс жасаймыз деп ойлаймын».

Думан Кабдыгалиев

«НЕДЕЛЯ ДОБРА» В SATBAYEV UNIVERSITY

В Satbayev University в рамках акции «Неделя добра» прошли благотворительные мероприятия. К доброму почину активно подключились университетские студенческие организации – Лига Волонтеров, Сатбаев Хантерс, Сатбаев Тайм, Артел, Жас Отан и другие.

К благотворительной ярмарке Sweet fair, с которой и стартовала «Неделя добра», студенты подготовились основательно. На импровизированные прилавки были выставлены сладости, выпечка и другие кулинарные изыски, приготовленные собственноручно студентами. Было многолюдно, весело и шумно, молодежная ярмарка сопровождалась песнями и танцами, общением за чашечкой чая. Все средства, вырученные в тот день, пошли на благотворительность.

SATBAYEV UNIVERSITY
Week of Kindness
SWEET FAIR
CHALLENGE DAY
Venue: Event Hall
CHARITY CONCERT
Venue: Event Hall
batyr_winner
РЕКВИЗИТЫ

Не менее интересным стал Challenge day. Студенты устроили состязания по разным видам спорта – настольный теннис, асыки, пятнашки и другие. Самым зажигательным стал танцевальный батл. Чтобы принять участие, необходимо было внести взнос. Также в фойе, где проходил Challenge day, был установлен бокс для сбора средств, куда желающие могли внести посильное для личного бюджета пожертвование.

Финальным аккордом акции добра стал благотворительный концерт, в котором своё искусство продемонстрировали студенты первого года обучения. От классики до современных жанров, танцы и КВН – все это было в рамках концерта.

Студенты Satbayev University проявили себя очень активно во всех благотворительных мероприятиях, доказав, что «из всех добродетелей и достоинств человеческой души величайшим является доброта».

ATAKENT
WWW.KINOPARK.KZ


NEW YORK

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТ

Ну а редакция журнала UNIQUM хочет напомнить, что добро не имеет временных границ и, немного переиначив слова некогда популярной песни мы призываем всех «творить добро другим во благо не за красивое «спасибо» услышавшего тебя рядом…»

ДӘСТҮРЛІ «ЖАЙНА ЖАСТЫҚ-2019» ШЫҒАРМАШЫЛ СТУДЕНТТЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ГАЛА-КОНЦЕРТІ ӨТТІ

«Қиял күші – барлық нәрсенің негізі, ол білімнен де маңызды. Себебі білім шектеулі, ал қиял шексіз».

Альберт Эйнштейн

Ұлы ғалымның мұндағы қиял деп отырғаны – ол өнер туралы еді. Шығармашылық ойлау барлық ғылымдағы жаңалықтардың негізі. Университет қабырғасында жастардың салалық техникалық біліммен қоса шығармашылық көркемөнерді дамытуы және оларды ұштастыра білуі жастардың бойындағы шексіз мүмкіндіктерді ашуда ең басты құрал болып табылады.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан дәстүрлі «Жайна жастық-2019» шығармашыл студенттер байқауы биыл да өзінің жалғасын тапты және университетіміздің тағы бір топ талантты жаңа есімдерін анықтады. Қатарынан 15 рет өткізіліп отырған бұл байқаудың биылғы жылғы қатысушыларының орны да, өнері де ерекше болды. Бұған дәлел – сахнаға шыққан әрбір өнерпаздың бойындағы шалқыған ізденіс пен уақыт талабына сай жасампаздықтың көрініс табуы еді.

18 қараша күні университет студенттерінің, оның ішінде әсіресе байқауға қатысушылардың тағатсыздана күткен қортынды марапаттау кеші өтті. Өнерлі жастардың бірнеше күн бойғы тыным-сыз дайындығы мен қызу бәсекелестігі, қажырлы еңбегінің нәтижесінде жүзеге асқан бұл іс-шараның маңыздылығы да ерекше.

Дәстүрлі «Жайна жастық-2019» шығармашыл студенттер байқауының гала-концертінің ашылу салтанаты Студенттік мәселелер жөніндегі департамент директоры Аубакирова Айгерім Аблакимованың құтықтау сөзімен басталды.

Студенттердің өнеріне оң баға беріп, төрелік еткен әділ қазылар алқасы:

1. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің дирижері, Сәтбаев университетінің халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі – Бекентұров Жанас.

2. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің әртісі, Сәтбаев университетінің халық аспаптары оркестрінің ыспалы аспаптар оқытушысы – Сенбиева Гүлбақыт Сапарханқызы.

3. Сәтбаев университетінің хор-вокал ұжымының көркемдік жетекшісі, Бақытжан Байқадамов атындағы Қазақ мемлекеттік хор капелласының хормейстері – Абай Шешенов.

4. Іс-шараларды техникалық қамтамасыз ету бөлімнің бастығы – Багисов Нұрбосын Тоқтасынұлы.

5. Студенттік шығармашылық орталығының маманы, вокалды-инструменталды ансамбльдің көркемдік жетекшісі, халықаралық конкурстардың лауреаты – Жамбыл Құлесов.

Гала-концерт байқауының нәтижесі бойынша ең үздік деп танылған музыкалық нөмерлер көрермендер назарына ұсынылды. Олар:

Демеу Қайрақты – Балқадиша
Жәнібек Хаббасов – Желсіз түнде жарық ай
Мадина Мұсалимова – Япур-ай
Анель Абдранова – Вальс о весне
Фархад Мұханғалиев – «Let it snow». Заманауи би
Мұхамед Мұсабеков – Саған ғашық
Анар Беренбай – Қазақ елі.

Іс-шара дәстүрлі «Жайна жастық-2019» шығармашыл жастар байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімімен аяқталды.

«МЕНІҢ ТУЫМ – МЕНІҢ ОТАНЫМ!»

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңда жастар саясатының мақсаты – жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау екені көрсетілген.

Қарашаның 22 күні Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде «Менің Туым – менің Отаным!» атты патриоттық конференция өтті. Конференцияның негізгі мақсаты – «Менің Туым – менің Отаным» акциясын қолдап, Мемлекеттік Туды насихаттау және жастарды патриотизмге баулу. Конференцияны «Жас Отан» жастар ұйымының төрағасы, 3-курс студенті Д. Мүсілімов жүргізді. Шараның қонақтары қатарында: Бостандық аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жамбылов Баймұрат Мұратханұлы; Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ жанындағы «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының төрағасы Аманжол Кенжеханұлы; ҚазҰТЗУ Студенттік мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары Есбосынова Айгерім Бақдәулетқызы болды.

Алғашқы болып сөз алған Баймұрат Мұратханұлы патриотизм деген сөздің мәнісі төңірегінде әңгімелей келе, студенттерге үлкенді сыйлау, ұлттық салт -дәстүрлерге деген құрмет сияқты өте қарапайым ғана әрекеттер шындығында біздің қаншалықты ұлтжанды екенімізді көрсете алатын негізгі атрибуттар деген ой айтты. Сонымен қатар, сөз барысында жастарға өте жақын тақырыптардың бірі виртуальді әлем, оның ішінде әлеуметтік желілер және ақпараттық сауаттылық сияқты қазіргі таңда маңызды мәселелерге айналған тақырыптарда өз көзқарастарымен бөлісті.

Ал, А.Кенжеханұлы өз кезегінде студенттер тарапынан қойылған патриоттық мінез сипаты туралы сұрақтарға жауап бере келе, «Отанын сүйетін тұлғаның бойында ең алдымен адалдық пен жауапкершілік қасиеттері ұштасуы керек, сонда ғана ол адам өз елінің нағыз патриоты бола алады» деп қорытты.

Конференцияға өнерлі жастар да қатысты. Университет студенттері Абитов Алишер мен Абитов Алихан «Көк тудың желбірегені» әнін орындап, аудиторияны ыстық әуенмен әрледі. Ал, студенттер тарапынан қойылған «Партияға қалай кіруге болады? Негізгі талаптар қандай?», «Жастар жылында не жасалды?», «Біз патриот ретінде айына қанша рет пайдалы іс жасауымыз керек, яғни патриотизмнің өлшемі қандай?» деген сияқты қосымша сұрақтар мен жастарды толғандырған басқада мәселелер төңірегінде ашық пікірлер мен ойлар айтылды. Айта кетейік, былтыр 14 қарашада президент 2019 жылды Жастар жылы деп жариялау туралы жарлыққа қол қойған болатын. Осылайша биыл елімізде жастардың мүмкіндіктерін ашып, қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында көптеген іс- шаралар өткізілді.

СТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ
ЕЛТАҢБА
ГИМН
Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,

СТУДЕНЧЕСКИЕ ОРГАНИЗАЦИИ SATBAYEV UNIVERSITY

Студенчество – лучшее время для творческой реализации личности и приобретения полезных навыков. А студенческие организации – лучшая площадка, где можно получить все это. В университете есть множество студенческих организаций и клубов самой разной направленности, но все их объединяет главная цель – сделать жизнь в Университете яркой и незабываемой. Ежегодно в сентябре проводится «Ярмарка студенческих сообществ», во время которой каждый желающий может открыть и презентовать свое сообщество или вступить в то сообщество, которое ему понравилось.

КОМИТЕТ ПО ДЕЛАМ МОЛОДЕЖИ
КДМ занимается обеспечением реализации прав студентов на участие в управлении образовательным процессом; созданием организационных условий для духовного, культурного, образовательного становления и физического развития молодежи, раскрытия ее творческого потенциала; реализацией социально-значимых инициатив молодежи.

«ЖАС ОТАН»
Молодежное отделение партии «Нур Отан» – «Жас Отан» действует в Университете более 9 лет. Группа активистов «Жас Отан» создала в ВУЗе службу помощи в учебе отстающим студентам, организует спортивные состязания, различные конкурсы, встречи с депутатами и представителями бизнеса. Большой популярностью пользуется ежегодно проводимый чемпионат на кубок «Жас Отан».

ЖАС ҚАНАТ
Члены сообщества занимаются защитой прав и интересов студентов, организацией материальной помощи студентам (сиротам, полусиротам, инвалидам); оказывают помощь в решении правовых, социально-экономических и бытовых проблем студентов; организуют культурно-массовые мероприятия, активное проведение студентами свободного времени; положительно влияют на развитие интеллектуального потенциала (дебаты) и формирование здорового образа жизни среди студентов (футбол, баскетбол, шахматы, волейбол).

SOCIETY OF YOUNG PROGRAMMISTS (SYP)
Клуб программистов, который поможет всем желающим в освоении языка программирования «Python». В текущем году основная стратегическая цель членов организации – выиграть ежегодный конкурс «Хакатон». В команду принимаются все; главное – целеустремленность и желание проявить себя как талантливый стартапер.

SOCIETY OF AUTOMOTIVE ENGINEERS (SAE)
Университетское сообщество SAE, являющееся частью глобального общества Society of Automotive Engineers, предназначено для студентов инженерных специальностей, желающих совершенствовать свои навыки в области инженерии и проектирования. В наши дни глобальное SAE насчитывает свыше 121 000 инженеров, руководителей, преподавателей и студентов из более чем 97 стран мира. Сообщество предлагает обширный перечень мероприятий по профессиональному развитию, – семинары, технические симпозиумы и обучение в электронной форме.

SATBAYEV HUNTERZ
Студенческая организация нового формата. Можно сказать, это лицо Satbayev University. Ни одно мероприятие, городского или университетского масштаба, не проходит мимо сообщества. Находясь под попечением Офиса рекрутинга и выпускников, ребята занимаются агитационной деятельностью и осуществлением проектов разного уровня, благодаря которым каждый может достойно и креативно заявить о себе.

ЛИГА ВОЛОНТЕРОВ
Это университетское отделение общественного фонда «Лига Волонтеров», взявшего на себя миссию организации единомышленников, объединенных желанием помогать и делать этот мир добрее. Члены университетской Лиги Волонтеров принимают участие в общественно значимых кампаниях: распространяют информацию о социальных проблемах, проводят акции, организуют семинары и мастер-классы.

SPE (Society of Petroleum Engineers) Student Chapter
Студенческое подразделение Международной некоммерческой профессиональной организации технических специалистов нефтяной промышленности (SPE) – KNTU SPE Student Chapter – удостоено в 2012 г. Золотого стандарта SPE и названо лучшим студенческим подразделением мира в 2015 г. Студенты не только пишут научные работы, но и принимают участие в различных научных конференциях, конкурсах,- про-

ектах, играют в интеллектуальные игры. В чаптере также есть кружки по развитию ораторских навыков, улучшению знания английского языка и другие.

КВН

КВН SU – творческая организация университета, раскрывающая таланты каждого ее участника. Клуб занимается развитием сценического и ораторского искусств. Это пространство, созданное ребятами, которые могут вам помочь реализовать себя в крупных творческих проектах, раскрепостить дух и преодолеть скованность. КВН – это по сути большая школа по подготовке будущих сценаристов, авторов, режиссеров, продюсеров. Они успешно работают в сфере теле- и киноиндустрии. Являются сценаристами крупных телевизионных проектов, таких как «КызыкTimes», «Патруль», «ТематикShow», авторами многих youtube-проектов.

INTELLECTUAL DEBATE CLUB (IDC)

Первый дебатный клуб Алматы, имеющий 15-летнюю историю. Активно участвует в каждом турнире Алматы и Астаны. В 2015 г. клуб выиграл Кубок турнира «Лига Новичков», добился побед в турнире «Бэта-лига-2016», награжден Кубком «Турнир Фантазий». Студенческие дебаты являются отличной интеллектуальной площадкой для словесных «дуэлей». Захватывающий динамичный процесс игры учит мыслить критически, отстаивать свое мнение, импровизировать, использовать стратегию, не бояться проигрывать, и просто получать удовольствие.

SPORTLAB

Задача этой спортивной организации – привлечь внимание как можно большего числа студентов, чтобы направить их стремление на поддерживание здорового образа жизни. А добиваются этого ребята с помощью спортивных ивентов, устраиваемых в стенах SU. Главная цель SportLab – предоставить студентам возможности для здорового досуга. Ведь интерес к спорту был и будет всегда. Кстати, помимо традиционного спорта, члены SportLab развивают в университете киберспорт!

«БӘЙШЕШЕК» ӘДЕБИ БІРЛЕСТІГІ

Творческое объединение (поэзия, спектакли и т.д.) студентов, где у них есть возможность печатать стихи собственного произведения в различных журналах и газетах.

ЦЕНТР СТУДЕНЧЕСКОГО ТВОРЧЕСТВА

Замечательное объединение студентов, влюбленных в музыку и песенное творчество! Клуб музыкантов и вокалистов отличается очень теплой, семейной и дружеской атмосферой. Все наставники клуба – лауреаты конкурсов и фестивалей. При сообществе есть инструментальная группа «The Fake» и ансамбль «Квартет». Практически со времени основания нашего университета (тогда института, в 1934-м году) начали свои репетиции студенческий оркестр и хор. За без малого 85 лет сменилось не одно поколение участников этих коллективов, и все эти годы музыкально-песенный фон неизменно сопровождает студенческую жизнь.

ЖАС АҚЫНДАР ЖЫРЛАЙДЫ

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...»

Ағымдағы жылы 19 қараша күні Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде «Елбасы жолы» атты ақындар мүшәйрасы өтті. Бұл байқауды «1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні» мерекесіне орай Студенттік мәселелер жөніндегі департамент ұйымдастырды. Шараның басты мақсаты – жастардың шығармашылық ізденістерін арттыру, жас ақындардың шығармашылығына қолдау көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз елдің осы уақытқа дейінгі жеткен жетістіктерін, бұралаң жолдарға толы тарихын және жарқын болашағына деген сенімін, Елбасының сол жолдағы айрықша рөлін дәріптеу, оны жастарға үлгі ретінде насихаттау.

Мүшәйраға қатысушы жас ақындардың өнерлерін бағалауға Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, ақын Серік Қалиев, ақын Шұғайып Сезімхан және ақын, ұстаз Қазырет Бердіхан келді. Олар студенттердің техникалық білім ордасында оқып жатқандарына қарамастан, шығармашылық мүмкіндіктерінің өте жоғары екенін айта келе, жастарға өз талантгарын, талаптарын әрі қарай дамытуға, жетілдіруге кеңес берді.

Мүшәйраға университеттің 1 және 2-курс студенттері қатысты. Жеңімпаздар 1-курс студенттері арасынан шықты: Жанболат Жұлдыз – бас жүлдегер атанса, 2-орын – Нұртай Ержанұлы, ал 3-орын Гүлнара Жұмашқа бұйырды.

Жеңімпаз өлеңі:

Ер мен ел
Дархан далам, әйгілім, есімі ерен,
Қалайша кірмеймін мен төсіңе кең?!
Атыңды жаһаннамға таныптпасам,
Сенде тудым деп айтам несіне мен?!
Тауы мен бұлты таласқан
Сарыарқа деген жерім бар.
Көк туымдай көк аспан
Астындағы ерің бар.
Көксегенім қазақтың
Ері едім, азатпын!
Дархан дала жерімде
Болмасыншы азап күн!
Туған жерім!
Сөзімнің басындасың,
Көзімнің жасындасың,
Қара өлең иесінің
Жырлары таусылмасын!
Жердегі көк киізді
Басыңнан асырмасын!
Өзгелер саған келіп
Береке қашырмасын!
Ақынның сөзі сүбелі,
Жанымды жырға бөледі.
Еліміз тыныш болса егер,
Ерің де сен деп өледі!

ДИПЛОМ
SATBAYEV UNIVERSITY
SATBAYEV UNIVERSITY

ДИПЛОМ
ДИПЛОМ
SATBAYEV UNIVERSITY
SATBAYEV UNIVERSITY

ДИПЛОМ
SATBAYEV UNIVERSITY

C'EST
LA VIE
ДИПЛОМ
ДИПЛОМ
ДИПЛОМ
ДИПЛОМ



Конкурсная работа
Елюкенев Жумадил

ОТ КОНКУРСНОЙ КОМИССИИ

Великий человек -велик тем, что у него есть особенности делающего его наиболее способным для служения великим общественным нуждам своего времени.

Плеханов

Министерство образования и науки РК, КазНИТУ имени К.И.Сатпаева, Международный фонд Каныша Имантаевича Сатпаева в связи со 120-летием со дня его рождения объявили о проведении Общереспубликанского молодежного конкурса «Сатпаев - наш современник» на лучшие историко- публистические и научно-познавательные произведения о его жизни и деятельности.

Учащимся школ, лицеев, гимназий, студентам, всем желающим в возрасте до 28 лет было предложено представить научные работы, сочинения, эссе, содержание которых связано с именем организатора и первого президента Академии наук Казахстана, с его научным наследием.

В конкурсе участвовали 371 школьник из 14 регионов Республики в том числе Алматы и области - 108 человек, Туркестанская обл. - 86, Караганда и область -75, Костанай - 36, Кызыл орда -16, Восточно-Казахстанская область и город Тараз по 9 человек, Атырау и Актобе по 1.

Среди сочинений на казахском - 223, русском - 107, английском - 36 работ. Объем работ от 1 до 33 стр. Победителями определены 85 человек. Алматы - 13, Караганда и область - 5, Костанай и обл. - 3, Туркестан и обл. - 2, и по 1 человеку из Шымкента, Тараза, Кызыл орды. Таким образом почти половина регионов имеет победителей. Каждый 4-й участник-победитель. При подведении итогов конкурса принималось во внимание творческий характер сочинений, удачный подбор фактов. Наиболее интересные работы или выдержки из них будут опубликованы. Победители премированы и отмечены призами, дипломами, грамотами. Руководители победителей отмечены сертификатами.

Результаты конкурса показали, что его цель — способствовать ознакомлению молодежи с бесценным научным и духовным наследием большого ученого, замечательного человека - была достигнута и образ К.И.Сатпаева стал для них родным и близким. Молодежь не только познакомилась с жизнью этого человека, но и соприкоснулась с ней. Все, что каждый из них прочитал и услышал, было пропущено через разум и сердце. Они сумели создать новый и в то же время удивительно знакомый образ - К.И.Сатпаев глазами потомков XXI века. Черты его личности стали еще более яркими, чем видели те, кто близко знал Каныша Имантаевича, но в то же время точными и верными. Очень важно, что и сегодня, через 20 лет после первого конкурса к 100- летию Каныша Имантаевича, молодежь увидела в нем пример для себя и готова идти по его пути. И отрадно, что этому способствовал объявленный конкурс, охвативший в целом более миллиона человек, причастных к его реализации.

IPRbooks
САТПАЕВА
СИЯЕТ ЯРКО

Список поступивших
ДИПЛОМ

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ – АЛЫП ТҰЛҒА

Түркістан облысы Төлеби ауданы №4 Қ. Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебі10-сынып оқушысы Сәбитова Аружан

Болмасаң да, ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл бөлсеңіз...

Абай

Мен Қаныш Имантайұлы атындағы мектептің 10-сыныбында оқимын. 10 жылдан бері жыл сайын, дәстүрлі түрде 12 сәуірде мұғалім бізге Қаныш атаның өміріне тоқтала отырып, тәрбие сағатын өтеді. «Мектеп күні» деп аталатын бұл күні жыл қорытындысы шығарылып, түрлі іс-шаралар өткізілді. Ал биылғы жылы мен Қаныш атаның 120 жылдық мерейтойы болғасын Қаныш Имантайұлының өмірбаянымен, ғалымның зерттеулерімен өз бетімше таныспақ болдым. Мектеп кітапханашысы Сәуле Сайлауқызы Қаныш Имантайұлына арналған көрмемен таныстырып, маған Медеу Сәрсекеевтің «Сәтбаев» атты кітабын ұсынды.

… иә, шынында да ғажап… мұғалімнің әңгімесі бір бөлек, ал мына кітап мені мүлдем бөлек әлемге жетеледі… мен ғашық болдым… Қаныш Имантайұлына ғашық болдым… Оның өнегелі өміріне, халқына деген шексіз махаббатына, ғылымға, сүйікті ісіне деген адалдығына ғашық болдым… тіпті, өзім бәр сәт Қаныш Атаның өмір сүрген дәуіріне виртуалды саяхат жасадым десем де болады. Қаныш Имантайұлының өнегелі, мағыналы өмір жолы менің болашақ мамандық таңдауыма нүкте қойды десем де болғандай…

Күні кеше мектебіміздегі Қаныш Атаның ескерткішіне ұзақ қарап ойландым, оның ойлы бейнесі «Армысың, жас ұрпақ! Еліміз сан ғасыр бойы аңсаған тәуелсіздік Сендердің дәуірлеріңе тұспа-тұс келді. Елдің ертеңі, болашағы – Сендер. Еліміздің ен байлығы, жер асты қойнауы талай ұрпаққа жетеді. Астындағы байлығы кен болса, жер үсті байлығы - білімді ұрпақ. Менің бар аманатым осы, аманатқа адал болыңдар!» деп тұрғандай. Иә, Қаныш Ата, аманатыңызға адал боламыз. Бүгінде Сіздің атыңызда қала, көшелер, мектептер, ұлттық университет, планета және сіздің құрметіңізге арнап арнайы өсірілген гүл сорты бар. Мұның барлығы Сіздің ерен еңбегіңізге арналған құрметтің бір бөлігі ғана.

…бала Қаныштың оқуға деген құштарлығы еріксіз менің құрдастарым мен замандастарымды еске түсірді, жасыратыны жоқ, арамызда жалқаулығы басым тұратын достарым аз емес… бір сәт олар үшін Қаныш атамнан ұялдым да…

Ауыл мектебінде білім әлеміне саяхатын бастаған Қаныш Ата Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітіреді. Еңбек жолын ұстаздықтан бастаған Қаныш сот орындаушы болып қызмет жасайды. Алаш ардақтыларының бірі Әлімхан Ермековтың жол сілтеуімен, оқуға деген құштарлығының арқасында екінің бірі қол жеткізе бермейтін Том қаласындағы университеттің тау-кен факультетіне түседі. Алайда тұрмыстық қиындықтар мен ауа райы әсерінен Қаныш ауырып елге қайтады. Алайда ауырдым деп мойымай, оқуын алыста жатып-ақ жалғастырады. 25 жасында «Алгебра» оқулығын жазып шықты.

Қаныш Имантайұлы бір жақты геологиямен ғана шұғылданбады. Қаныш Ата қазақ әдебиеті мен мәдениеті, өнерінде де өзіндік қолтаңба қалдырды. Оның «Обаған», «Ер Едіге», «Том қаласында ұлттар кеші», «Қазақстанның ұлт театры туралы» мақалалары соның дәлелі болса керек.

Жоғары жақ Жезқазғанның болашағына сеніңкіремей, қаржыдан қысқанда, тамаша ұйымдастырушылықтың арқасында, қарамағындағылардың сенімін арқалай отырып, тығырықтан жол табу, сол дәуірдегі «Темір нарком» атанған мемлекет қайраткері, Саяси бюро мүшесі Григорий (Серго) Орджоникидзенің қабылдауына кіріп, өз ойын ғылыми дәйектермен дәлелдеп шығу тек Қаныш Имантайұлындай мықты тұлғаның қолынан келер іс болса керек.

Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен жасалған «Сарыарқаның металлогендік болжам картасы» арқасында өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара түсті және сирек түсті жаңа металдар кені ашылды.

Бірнеше рет кабинеттік жүйеде ұсынылған қызметтен бас тартып, Жезқазғандағы кен барлау және кен орындарын ашуда орасан жұмыстар атқарды. Ал неміс фашистерімен соғыстағы жеңіске қазақ даласының жер асты байлығы өзінің зор үлесін қосты. Оның басы-қасында Қаныш Сәтбаев жүрді.

Ал сол сын сағаттарда СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалының жетекшілігін қоса атқарады. Қазақ Академиясының іргетасын қалаудағы ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбекқорлығы қазақ ғылымын ерекше жоғары дәрежеге көтереді. Осының барлығын оқып отырып, таныса отырып, мен қазақта неге Қаныш біреу болды екен деген ойда болдым. Ғұлама дарын ғасырда біреу ғана туылғаны ма сонда?!

…Мәскеудің Кунцево ауруханасында көз жұмған Қаныш Атаның өліміне кәдімгідей қайғырып, өкіре жылап алдым. Қош бол, Қаныш Ата!!! Біз Сіздің аманатыңызға адал боламыз деп барша қазақтардың атынан уәде беремін. Міне, биыл Қаныш Имантайұлының туылғанынан 120 жыл. Уақыт бізді Қаныш Имантайұлынан қанша алыстатқанмен, біз оған соншалықты жақындай түсеміз. Қазақ халқының ұлы перзентіне деген махаббаты ешуақытта суымайды. Уақыт керуені алға зымырағанымен, ғұлама ғалымның зор тұлғасы бұрынғыдан да биіктеп, өнегесін бар қазақққа шашып тұрғандай…

… «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмей-тұғын артына сөз қалдырған…»

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ ПОТОМКОВ

Донская Софья
г. Алматы
КГУ «Гимназия № 4 имени А.С. Пушкина»

С чего начинается путь к успеху, к заслуженной славе и памяти потомков? Вы скажете, что задаваться такими вопросами, когда тебе всего пятнадцать лет, рано? И лучше беспечно наслаждаться детством и думать о каникулах? А вот и нет! Нам предложили написать эссе о Каныше Имантаевиче Сатпаеве, со дня рождения которого в этом году исполняется 120 лет. Я познакомилась с его биографией и поняла, что «повзрослеть» можно очень рано. Если ты, конечно, хочешь добиться в этой жизни чего-то большего, чем от тебя ждут.

Чем запомнилась мне жизнь Каныша Сатпаева? Событиями, которые происходили в этой жизни исключительно по его воле, благодаря его настойчивым желаниям. Я уважаю людей, которые не «плывут по течению», борются с судьбой, которая вроде бы к ним благосклонна.

Каныш Сатпаев родился в семье бия, в последний год XIX-го века, чтобы стать великим человеком в следующем, XX веке. С чего могла начаться его жизнь? С удовольствий, которые гарантировало ему благополучное происхождение? И снова - нет! Жизнь Каныша началась с учебы! Сначала в аульной школе, потом в русско-казахском училище, в учительской семинарии, в Томском технологическом институте. Сил на учебу Сатпаев не жалел, и это «безжалостное» отношение к себе оборачивалось очень часто большой бедой: обострялся туберкулез, болезнь, с которой Каныш Сатпаев боролся многие годы. Врачи часто предупреждали, что «борьба» может быть проиграна. Но не тот человек Сатпаев, чтобы сдаваться! Даже находясь на лечении, он составит учебник алгебры, первый на казахском языке. Наверное, магия цифр сработала, и болезнь на долгое время отступила.

